# Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 162 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 тамыздағы № 663 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.08.2015 № 663 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) «Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) «Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) «Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулененудің

радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

8) «Ядролық сынақтар жүргізу салдарынан ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқа да аумақтардағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

9) «Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

10) «Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 162 қаулысымен бекітілген

## «Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелері

1. «Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік)

әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Атом энергиясы комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беру:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

«электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған, сондай-ақ порталға өтініш берген сәттен бастап:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 30 (отыз) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні;

лицензияның телнұсқаларын және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 15 минут;

3) рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызмет түріне лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және қағаз түрінде.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға портал арқылы өтініш берілген

кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 471-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы орналасқан жері бойынша бюджетке лицензиялық алым төлейді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде 100 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК аспайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшамен және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау портал арқылы берілген жағдайда төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүргізіледі;

2) порталдың – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) лицензияны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық

алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
2) лицензияға қосымшаны алу үшін:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:
еркін нысандағы өтініш;
лицензияны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.
4) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда лицензияның телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталда тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтерді алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды ұсыну арқылы өтініш білдіреді:
еркін нысандағы өтініш;
лицензияның телнұсқасын беру үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.
Лицензия туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады;
порталға:
1) лицензияны алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
2) лицензияға қосымшаны алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

Лицензия туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық құжаттарды тапсырған кезде:

1) көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) – қағаз тасығыштағы өтінішті қабылдаудың растауы оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады;

2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша немесе Министрліктің басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2117 кабинет, телефон: 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48.

Шағым жазбаша түрде пошта арқылы немесе қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні, жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414 бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинеттен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылып тұратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaec.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық түрде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қолжетімділік режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 50 29 53, 50 30 77. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші

____________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

____________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

____________________________________________________________

____________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі(-лері) көрсетілсін)

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе)

лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ________________________________
(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)
беруіңізді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы ________________________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Электрондық пошта ______________________________________________
Телефондары ___________________________________________________
Факс _________________________________________________________
Банктік шоты __________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары) ____________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы,үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
___ парақта қоса беріліп отыр

Осымен, көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;
қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Басшы ________ __________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Мөр орны Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» ____________

Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

**Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметке**

**қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны және қажетті құжаттардың тізімі**

1. Өтініш беруші бекіткен графикалық схеманың немесе ұйымдық құрылымның мәтіндік сипаттамасының көшірмесі.

2. 1 немесе 2-кестеге сәйкес мәлімдеген жұмыстарды орындау үшін қажет ғимараттардың, үй-жайлардың және құрылыстардың бар болуы туралы мәліметтер – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Меншікті ғимарат, үй-жайлар мен құрылыстар туралы мәліметтер нысаны

1-кесте

| Кадастрлық нөмірі | Құжат атауы және нөмірі | Берілген күні | Құжатты берген органның атауы | Жылжымайтын мү объектісінің орналасқан |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Жалға алынған ғимарат, үй-жайлар мен құрылыстар туралы мәліметтер нысаны

2-кесте

| Кадастрлық нөмірі | Объектіні жалға алу шартының нөмірі және жасалған күні және қолданылу мерзімі | Жалға алу шарты жасалған тұлға (БСН/ЖСН көрсету қажет) | Жалға алынған объектінің атауы және қысқаша сипаттамасы | Жылжымайть мүлік объекті орналасқан же |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

3. 3-кестеге сәйкес машиналардың, механизмдердің және жабдықтардың бар-жоғы туралы мәліметтер – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Машиналардың, механизмдердің және жабдықтардың бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

3-кесте

| Объектінің атауы және қысқаша сипаттамасы, шыққан жылы | Орналасқан жері (жұмыс учаскесі) | Түгендеу нөмірі | Саны | Түгендеу күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

4. 4-кестеге сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер.

Техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

4-кесте

| Маманның Т.А.Ә. | Жұмыс орны, атқаратын қызметі | Дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы, мамандығы және біліктілігі | Қабылдау туралы бұйрықтың/жеке еңбек шартының нөмірі және күні | Жұмысқа жіберу туралы бұйрықтың нөмірі және күні | Арнайы дайын біліктілігін арт туралы қосы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

5. 5-кестеге сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған лицензия туралы мәліметтер – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған лицензия туралы мәліметтер нысаны

5-кесте

| Лицензия нөмірі/рұқсат құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі | Лицензияның берілген күні | Қызмет түрі | Қызметтің кіші түрлері | Лицензияны бер мемлекеттік орган атауы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

6. Ядролық қондырғының және/немесе радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймасын орналастыру алаңын таңдау актісінің көшірмесі – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

7. 6-кестеге сәйкес өтініш беруші бекіткен және атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген физикалық қорғау жүйесі жобасының бар-жоғы туралы мәліметтер – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Физикалық қорғау жүйесі жобасының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

6-кесте

| Жобаның атауы | Жобаның бекітілген күні | Жобаны әзірлеуші | Атом энергиясын пайдалану саласын уәкілетті органмен келісілген күні нөмірі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

8. Техникалық жүйелер мен жабдықтарды сынау және пайдалануға қабылдау актілері, аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің көшірмелері – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

9. Өтініш беруші бекіткен ядролық қондырғының және/немесе радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймасын физикалық қорғауды қамтамасыз ету жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі – осы тармақ

ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу, пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

10. Өтініш беруші бекіткен объектінің қауіпсіздігін талдау жөніндегі алдын ала есептің көшірмесі – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

11. Өтініш беруші бекіткен объектіні пайдаланудан шығару жоспарының көшірмесі – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

12. Өтініш берушінің жұмысқа қабілеттілікті қолдауға және қауіпсіздік жүйелеріндегі ақаулықтардың алдын алуға бағытталған жабдықтарды, механизмдерді, технологиялық желілерді пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, тексеруді және сынауды қамтамасыз ететін қызметтер құру туралы бұйрықтарының көшірмелері, қызметтер туралы ережелерінің көшірмелері – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

13. Жұмысқа қабілеттілікті қолдауға және қауіпсіздік жүйелеріндегі ақаулықтардың алдын алуға бағытталған жабдықтарды, механизмдерді, технологиялық желілерге техникалық қызмет көрсетуді, тексеруді және сынауды қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізу журналының, кестелердің көшірмелері – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

14. Өтініш берушінің радиациялық қауіпсіздік қызметін құру туралы, бұйрықтың, қызмет туралы ереженің, нұсқаулықтарының көшірмелері – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

15. Радиациялық бақылауды жүргізу кестесі мен әдістемелерінің көшірмелері, радиациялық бақылау аспаптары мен өлшеу құралдарын тексеру сертификаттарының көшірмелері – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

16. Объектіні иондаушы сәуле шығару көздері мен радиоактивті қалдықтарды сақтауға және көмуге арналған сақтау қоймасын орналастыру

жоспар-схемасының көшірмесі, экологиялық сараптама қорытындысының көшірмесі, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау бойынша уәкілетті орган берген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

17. Өтініш беруші бекіткен мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының көшірмесі.

18. Өтініш беруші бекіткен ядролық және радиациялық қауіпсіздік бойынша, авариялық жағдайлардағы персоналдың іс-қимылдары бойынша нұсқаулықтардың көшірмелері – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

19. Өтініш беруші бекіткен және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органымен, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік басқаруды, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының көшірмесі – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

20. Өтініш беруші бекіткен авариялар жағдайларында персоналдың іс-қимылдарын пысықтауға арналған аварияға қарсы жаттығуларды өткізу әдістеменің бағдарламасы мен кестесінің көшірмелері – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

21. Ядролық материалдарды, иондаушы сәуле шығару көздерін есепке алу және бақылау жөніндегі қызмет туралы ереженің көшірмесі; ядролық материалдарды иондаушы сәуле көздерін есепке алу және бақылау жөніндегі нұсқаулықтың көшірмесі және 7-кестеге сәйкес ядролық материалдарды, иондаушы сәуле шығару көздерін есепке алу және бақылау қызметі туралы мәліметтер – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Ядролық материалдарды, иондаушы сәуле шығару көздерін есепке алу және бақылау жөніндегі қызмет туралы мәліметтер нысаны

7-кесте

| Қызметті құру туралы (немесе жауапты тұлға туралы) бұйрықтың нөмірі және күні | Маманның Т.А.Ә. және атқаратын қызметі | Оқыту сертификатының (куәліктің) нөмірі және берілген күні | Оқыту курсының атауы (тақырыбы) | Оқу мекемес атауы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

22. Өтініш беруші бекіткен объектінің жобасында көзделген барлық жұмыс режимдері үшін қажетті көлемде, сондай-ақ жобалық және жобадан тыс авариялар кезінде объектіде, санитарлық-қорғау аймағында және бақылау аймағында радиациялық жағдайды бақылау бағдарламасы, өткізу кестелері мен өлшеу әдістемелері, өлшеулерді өткізу журналы, өлшеу құралдарын тексеру туралы сертификаттардың көшірмелері – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

23. Меншікті жеке дозиметрлік бақылау қызметі болған жағдайда: Жеке дозиметрлік бақылау қызметін құру және оның ережесі туралы бұйрықтың көшірмелері, өлшеу жүргізудің аттестатталған әдістемелерінің көшірмелері, зертхананы түгендеу актілерінен үзінділердің көшірмелер, тексеру сертификаттарының көшірмелері, жеке дозиметрлік бақылау нұсқаулығының көшірмелері, жеке карточкалардың көшірмелері, жеке карточкаларды есепке алу журналының көшірмесі (меншікті жеке дозиметрлік бақылау қызметі болған жағдайда) немесе 8-кестеге сәйкес персоналға жеке дозиметрлік бақылау қызметін көрсету құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен жасалған шарт туралы мәліметтер – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Персоналды жеке дозиметрлік бақылау жөніндегі шарт туралы мәліметтер нысаны

8-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарт жасалған тұлғаның ЗТ/ЖК/ЖТ атауы | Шарттың нөмірі мен күні, шарттың қолданылу мерзімі | Атом энергиясын пайдалану саласында қызмет көрсету құқығына рұқсат беретін лицензияның нөмірі | Жеке дозиметрл бақылау шарты бойы қамтылған қызметкерлердің са |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

24. 9-кестеге сәйкес қажетті қаржы қаражатының бар-жоғы туралы мәліметтер – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті

қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Қажетті қаржы қаражатының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

9-кесте

| Қаржы қаражатының атауы және қысқаша сипаттамасы | Қаржы жинау тетіктері | Шарттың нөмірі және күні | Шарт жасалған заңды тұлғаның атауы | Шарттың қолданылу ме |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

25. 10-кестеге сәйкес қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтер.

Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

10-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарттың нөмірі және жасалған күні | Шарттың қолданылу мерзімі | Сақтандыру компаниясының атауы | Шартқа сәйкес сақтанды жағдайларына жатпайтын тармақт көрсету |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

26. 11-кестеге сәйкес объектілер иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартының және міндетті экологиялық сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтер – осы тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

11-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарттың нөмірі және жасалған күні | Шарттың қолданылу мерзімі | Сақтандыру компаниясының атауы | Шартқа сәйкес сақтанды жағдайларына жатпайтын тармақт көрсету |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 162 қаулысымен бекітілген

## «Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелері

1. «Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Атом энергиясы комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беру:
көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
«электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:
1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған, сондай-ақ порталға өтініш берген сәттен бастап:
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 30 (отыз) жұмыс күні;
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні;
лицензияның телнұсқаларын және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;
2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 15 минут;
3) рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 15 минут.
5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызмет түріне лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және

қағаз түрінде.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға портал арқылы өтініш берілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 471-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы орналасқан жері бойынша бюджетке лицензиялық алым төлейді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде 50 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК аспайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшамен және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау портал арқылы берілген жағдайда төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүргізіледі;

2) порталдың – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті

көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушіге:
1) лицензияны алу үшін:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;
жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
2) лицензияға қосымшаны алу үшін:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:
еркін нысандағы өтініш;
лицензияны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.
4) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда лицензияның телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталда тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтерді алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды ұсыну арқылы өтініш білдіреді:
еркін нысандағы өтініш;
лицензияның телнұсқасын беру үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.
Лицензия туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады;
порталға:
2) лицензияны алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес

біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
2) лицензияға қосымшаны алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.
Порталда электрондық сұрауды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.
Лицензия туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады.
Көрсетілетін қызметті алушы барлық құжаттарды тапсырған кезде:
1) көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) – қағаз тасығыштағы өтінішті қабылдаудың растауы оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады;
2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.
10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негіздері:
1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынуы;
2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;
3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;
4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;
5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша немесе Министрліктің басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2117 кабинет, телефон: 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48.

Шағым жазбаша түрде пошта арқылы немесе қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні, жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414 бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинеттен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылып тұратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы

тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaec.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық түрде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қолжетімділік режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 50 29 53, 50 30 77. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші

___________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

___________________________________________

___________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі(-лері) көрсетілсін)

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

____________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ____________________________
(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)
беруіңізді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы ____________________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Электрондық пошта ______________________________________________
Телефондары ___________________________________________________
Факс __________________________________________________________
Банктік шоты ___________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары) ____________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы,үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
___ парақта қоса беріліп отыр

Осымен, көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Басшы ________ _____________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» ____________

«Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

**Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны және қажетті құжаттардың тізімі**

1. Өтініш беруші бекіткен графикалық схеманың немесе ұйымдық құрылымның мәтіндік сипаттамасының көшірмесі.

2. 1 немесе 2-кестеге сәйкес мәлімдеген жұмыстарды орындау үшін қажет ғимараттардың, үй-жайлардың және құрылыстардың бар-жоғы туралы мәліметтер.

Меншікті ғимарат, үй-жайлар мен құрылыстар туралы мәліметтер нысаны

1-кесте

| Кадастрлық нөмір | Құжат атауы және нөмірі | Берілген күні | Құжатты берген органның атауы | Жылжымайтын мүл объектісінің орналасқан |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Жалға алынған ғимарат, үй-жайлар мен құрылыстар туралы мәліметтер нысаны

2-кесте

| Кадастрлық нөмір | Объектіні жалға алу шартының нөмірі және жасалған күні және қолданылу мерзімі | Жалға алу шарты жасалған тұлға (БСН/ЖСН көрсету қажет) | Жалға алынған объектінің атауы және қысқаша сипаттамасы | Жылжымайтын му объектісінің орнала жері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

3. 3-кестеге сәйкес машиналардың, механизмдердің және жабдықтардың бар-жоғы туралы мәліметтер.

Машиналардың, механизмдердің және жабдықтардың бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

3-кесте

| Объектінің атауы және қысқаша сипаттамасы, шыққан жылы | Орналасқан жері (жұмыс учаскесі) | Түгендеу нөмірі | Саны | Түгендеу күні |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

4. 4-кестеге сәйкес радиациялық қауіпсіздік қызметінің бар-жоғы туралы мәліметтер.

Радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы мәліметтер нысаны

4-кесте

| Қызметті құру туралы( немесе жауапты тұлға туралы) бұйрықтың нөмірі және күні | Маманның Т.А.Ә. және атқаратын қызметі | Оқыту сертификатының ( куәліктің) нөмірі және берілген күні | Оқу курсының атауы (тақырыбы) | Оқу мекемес атауы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

5. Радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереженің көшірмесі.

6. Өндірістік радиациялық бақылауға өлшеу жүргізу әдістемелері мен кестесінің көшірмелері.

7. Радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттарының көшірмелері.

8. 5-кестеге сәйкес ядролық материалдарды, иондаушы сәуле шығару көздерін есепке алу және бақылау жөніндегі қызмет туралы мәліметтер.

Ядролық материалдарды, иондаушы сәуле шығару көздерін есепке алу және бақылау жөніндегі қызмет туралы мәліметтер нысаны

5-кесте

| Қызметті құру туралы ( немесе жауапты тұлға туралы) бұйрықтың нөмірі және күні | Маманның Т.А.Ә. және атқаратын қызметі | Оқыту сертификатының ( куәліктің) нөмірі және берілген күні | Оқыту курсының атауы (тақырыбы) | Оқу мекеме атауы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

9. Ядролық материалдарды, иондаушы сәуле шығару көздерін есепке алу және бақылау жөніндегі қызмет туралы ереженің көшірмесі.

10. Ядролық материалдарды, иондаушы сәуле шығару көздерін есепке алу және бақылау жөніндегі нұсқаулық пен әдістеменің көшірмесі.

11. Ядролық материалдарды физикалық қорғауды қамтамасыз ету жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі.

12. Өтініш беруші бекіткен фирма ішіндегі экспорттық бақылау жүйесі бағдарламаның көшірмесі - осы тармақ тек ядролық материалдарды өткізу бойынша қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

13. Өтініш беруші бекіткен ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтардың көшірмелері.

14. Өтініш беруші бекіткен персоналдың авариялық жағдайлардағы іс-қимылдар жөніндегі нұсқаулықтың көшірмесі.

15. Өтініш беруші бекіткен радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының көшірмесі.

16. Мәлімделген қызметтерді жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының көшірмесі.

17. Өтініш беруші бекіткен мәлімделген жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің көшірмесі.

18. Жеке дозиметрлік бақылау қызметін құру және оның ережелері

туралы бұйрықтың көшірмелері, өлшеу жүргізудің аттестатталған әдістемелерінің көшірмелері, зертхананы түгендеу актілерінен үзінділердің көшірмелері, аспаптарды тексеру туралы сертификаттардың көшірмелері, өлшеулер жүргізу, өлшеулердің нәтижелерін есепке алу, сақтау, бақылау жөніндегі нұсқаулықтың көшірмелері, дозиметрлік өлшеулердің жеке карточкаларының көшірмелері (өзінің жеке дозиметрлік бақылау қызметі бар болған жағдайда) немесе 6-кестеге сәйкес персоналға жеке дозиметрлік бақылау қызметін көрсету құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен жасалған шарт туралы мәліметтер.

Персоналды жеке дозиметрлік бақылау жөніндегі шарт туралы мәліметтер нысаны

6-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарт жасалған тұлғаның ЗТ/ЖК/ЖТ атауы | Шарттың нөмірі мен күні, шарттың қолданылу мерзімі | Атом энергиясын пайдалану саласында қызмет көрсету құқығына рұқсат беретін лицензияның нөмірі | Жеке дозиметрлік бак шарты бойынша қамт қызметкерлердің саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

19. 7-кестеге сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер.

Техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

7 кесте

| Маманның Т.А.Ә. | Жұмыс орны, атқаратын қызметі | Дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы, мамандығы және біліктілігі | Қабылдау туралы бұйрықтың/жеке еңбек шартының нөмірі және күні | Жұмысқа жіберу туралы бұйрықтың нөмірі және күні | Арнайы дайын біліктілігін арт туралы қосы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

20. Радиоактивті қалдықтарды сақтауға арналған қоймалардың жоспар-схемасының көшірмесі.

21. Радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймасына санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға уәкілетті орган берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі.

22. 8-кестеге сәйкес қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру, объектілердің иелерінің жауапкершілігі, экологиялық сақтандыру шарттарының бар-жоғы туралы мәліметтер.

Сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

8-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарттың нөмірі және жасалған күні | Шарттың қолданылу мерзімі | Сақтандыру компаниясының атауы | Шартқа сәйкес сақтанд жағдайларына жатпайт тармақтарды көрсету |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 162 қаулысымен бекітілген

## «Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1. Жалпы ережелері

1. «Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Атом энергиясы комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беру:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

«электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған, сондай-ақ порталға өтініш берген сәттен бастап:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 30 (отыз) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде –

30 (отыз) жұмыс күні;
лицензияның телнұсқаларын және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;
2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 15 минут;
3) рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 15 минут.
5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызмет түріне лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және қағаз түрінде.
Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.
Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға портал арқылы өтініш берілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жіберіледі.
7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 471-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы орналасқан жері бойынша бюджетке лицензиялық алым төлейді:
1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде 10 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;
2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК аспайды;
3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшамен және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау портал арқылы берілген жағдайда төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүргізіледі;

2) порталдың – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) лицензияны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

2) лицензияға қосымшаны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

еркін нысандағы өтініш;

лицензияны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

4) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда лицензияның телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталда тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтерді алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды ұсыну арқылы өтініш білдіреді:

еркін нысандағы өтініш;
лицензияның телнұсқасын беру үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.
Лицензия туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады;
порталға:
1) лицензияны алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
2) лицензияға қосымшаны алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.
Порталда электрондық сұрауды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының « жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.
Лицензия туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады.
Көрсетілетін қызметті алушы барлық құжаттарды тапсырған кезде:
1) көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы

арқылы) – қағаз тасығыштағы өтінішті қабылдаудың растауы оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады;

2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша немесе Министрліктің басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2117 кабинет, телефон: 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48.

Шағым жазбаша түрде пошта арқылы немесе қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні, жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414 бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинеттен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылып тұратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaec.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық түрде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қолжетімділік режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 50 29 53, 50 30 77. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар

аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші

________________________________________________________________
(лицензиардың толық атауы)
________________________________________________________________
(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
________________________________________________________________
________________________________________________________________
(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі(-лері) көрсетілсін)
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
____________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ____________________
(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)
беруіңізді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы ______________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Электрондық пошта ______________________________________
Телефондары ___________________________________________
Факс ________________________________________________
Банктік шоты __________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары) ____________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы,үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
___ парақта қоса беріліп отыр
Осымен, көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып

табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;
қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Басшы ________ ____________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» ____________

«Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

## Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны және қажетті құжаттардың тізімі

1. Үй-жайлардың жоспар-схемасының немесе техникалық паспорттарының көшірмесі – егер өтініш беруші радиоактивті заттардың, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптардың және қондырғылардың меншік иесі болмаса (меншік немесе жалға алу құқығында) және жұмыстарды тапсырыс берушінің аумағында өткізсе, онда осы тармақты орындау талап етілмейді және радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу бойынша қызметтің кіші түрі үшін осы тармақты орындау талап етілмейді.

2. 1 немесе 2-кестеге сәйкес мәлімденген жұмыстарды орындау үшін қажетті ғимараттардың, үй-жайлардың және құрылыстардың бар болуы туралы мәліметтер – егер өтініш беруші радиоактивті заттардың, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптардың және қондырғылардың меншік иесі болмаса (меншік немесе жалға алу құқығында) және жұмыстарды тапсырыс берушінің аумағында өткізсе, онда осы тармақты

орындау талап етілмейді және радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу бойынша қызметтің кіші түрі үшін осы тармақты орындау талап етілмейді.

Меншікті ғимараттар, үй-жайлар мен құрылыстар туралы мәліметтер нысаны

1-кесте

| Кадастрлық нөмір | Құжат атауы және нөмірі | Берілген күні | Құжатты берген органның атауы | Жылжымайтын мүл объектісінің орналасқан |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Жалға алынған ғимараттар, үй-жайлар мен құрылыстар туралы мәліметтер нысаны

2-кесте

| Кадастрлық нөмірі | Объектіні жалға алу шартының нөмірі және жасалған күні және шарттың қолданылу мерзімі | Жалға алу шарты жасалған тұлға (БСН/ЖСН көрсету қажет) | Жалға алынған объектінің атауы және қысқаша сипаттамасы | Жылжымайтын му объектісінің орнала жері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

3. 3-кестеге сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер – осы тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді.

Техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

3-кесте

| Маманның аты-жөні | Жұмыс орны, атқаратын қызметі | Дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы, мамандығы және біліктілігі | Қабылдау туралы бұйрықтың/жеке еңбек шартының нөмірі және күні | Жұмысқа жіберу туралы бұйрықтың нөмірі және күні | Арнайы дайын біліктілігін арт туралы қосы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

4. 4-кестеге сәйкес радиациялық қауіпсіздік қызметі (немесе жауапты тұлға) туралы мәліметтер.

Қызмет және жауапты тұлға туралы мәліметтер нысаны

4-кесте

| Қызметті құру туралы (немесе жауапты тұлға туралы) бұйрықтың нөмірі және күні | Маманның аты-жөні және атқаратын қызметі | Оқыту сертификатының (куәліктің) нөмірі және берілген күні | Оқыту курсының атауы (тақырыбы) | Оқу мекеме атауы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

5. Өтініш беруші бекіткен радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереженің (немесе жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығының) көшірмесі.

6. Өтініш беруші бекіткен радиациялық бақылау кестесінің және соңғы радиациялық бақылауды жүргізу хаттамасының көшірмесі – осы тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді.

7. Радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттарының көшірмелері – осы тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді.

8. Өтініш беруші бекіткен мәлімденген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтың көшірмесі.

9. Өтініш беруші бекіткен персоналдың авария жағдайындағы іс-қимылы жөніндегі нұсқаулықтың көшірмесі.

10. Өтініш беруші бекіткен радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының көшірмесі.

11. Өтініш беруші бекіткен радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды есепке алу және бақылау жөніндегі нұсқаулықтың көшірмесі.

12. Радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптардың және қондырғыларды түгендеу актісінен үзінді көшірме.

13. Өтініш беруші бекіткен мәлімденген қызметтерді жүзеге асыруға технологиялық регламентінің көшірмесі.

14. 5-кестеге сәйкес персоналды жеке дозиметрлік бақылау бойынша қызметтерді көрсету құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен жасалған шарт туралы мәліметтер – осы тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді.

Персоналды жеке дозиметрлік бақылау жөніндегі шарт туралы мәліметтер нысаны

5-кесте

| Шарт тақырыбы | Шарт жасалған тұлғаның ЗТ/ДК/ЖТ атауы | Шарттың нөмірі мен күні, шарттың қолданылу мерзімі | Атом энергиясын пайдалану саласында қызмет көрсету құқығына рұқсат беретін лицензияның нөмірі | Жеке дозиметрлік бак шарты бойынша қамт қызметкерлердің саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

15. Өтініш беруші бекіткен фирма ішіндегі экспорттық бақылау жүйесі бағдарламасының көшірмесі – осы тармақ мәлімденген қызмет құрамында уранды қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағынан тыс өткізу бойынша жұмыстардың болуы кезінде табиғи уранды өндіру және қайта өңдеу бойынша кіші түріне ғана жатады.

16. Радиациялық шоғырларды калибрлеуді өткізу және иондаушы сәуле шығару көздері жұмысының сапасын бақылау жөніндегі қызмет (немесе жауапты тұлға) туралы бұйрықтың көшірмесі – осы тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық аспаптар мен қондырғыларды пайдалану бойынша жұмыстарға ғана қатысты.

17. Радиациялық шоғырларды калибрлеуді өткізу және иондаушы сәуле шығару көздері жұмысының сапасын бақылау жөніндегі қызмет туралы ереженің (немесе жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығының) көшірмесі – осы тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық аспаптар мен қондырғыларды пайдалану бойынша жұмыстарға ғана қатысты.

18. Шоғырды калибрлеуді жүргізу және сапаны бақылау жөніндегі қызмет персоналын (немесе жауапты тұлғаны) оқыту туралы сертификаттардың көшірмелері – осы тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық аспаптар мен қондырғыларды пайдалану бойынша жұмыстарға ғана қатысты.

19. Шоғырларды калибрлеу және сапаны бақылауды жүргізу кестесінің және жүргізілген соңғы хаттаманың көшірмесі – осы тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық аспаптар мен қондырғыларды пайдалану бойынша жұмыстарға ғана қатысты.

20. Шоғырларды калибрлеу және сапаны бақылау үшін пайдаланылатын құралдарды тексеру сертификаттарының көшірмелері – осы тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық аспаптар мен қондырғыларды пайдалану бойынша жұмыстарға ғана қатысты.

21. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды сақтауға арналған қойманың жоспар-схемасының көшірмесі – егер өтініш беруші радиоактивті заттардың, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптардың және қондырғылардың меншік иесі болмаса (меншік немесе жалға алу құқығында) және жұмыстарды тапсырыс берушінің аумағында жүргізетін болса, осы тармақты орындау талап етілмейді; егер құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар аралық немесе уақытша жеке сақтауды қажет етпейтін болса және үнемі жұмыс орнында пайдалану және қайта зарядтау барысында болса, онда осы тармақты орындау талап етілмейді.

22. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар

аспаптарды және қондырғыларды сақтауға арналған қоймаға санитариялық-эпидемиологиялық бақылау бойынша құзыретті орган берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмелері – егер өтініш беруші радиоактивті заттардың, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптардың және қондырғылардың меншік иесі болмаса (меншік немесе жалға алу құқығында) және жұмыстарды тапсырыс берушінің аумағында жүргізетін болса, осы тармақты орындау талап етілмейді; егер құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар аралық немесе уақытша жеке сақтауды қажет етпейтін болса және үнемі жұмыс орнында пайдалану және қайта зарядтау барысында болса, онда осы тармақты орындау талап етілмейді.

23. 6-кестеге сәйкес құрамында радиоизотоптық иондаушы сәуле көздері бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын, медициналықты қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеуге лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен жасалған шарт туралы мәліметтер – осы тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық жабдықтар мен қондырғыларды және радиоизотоптық тексеру жабдықтарын пайдалану бойынша жұмыстарға ғана қатысты

Қызметтерді көрсетуге шарттың бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

6-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарттың нөмірі, жасалған күні, қолданылу мерзімі | Шарт бойынша жұмыс жүргізу кезеңділігі | Шарт жасалған тұлғаның ЗТ/ЖК/ЖТ атауы | Атом энергиясын пайдал саласында қызметтерді көр құқығына лицензияның нөмі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

немесе 7-кестеге сәйкес өтініш берушінің техникалық қызмет көрсетуге және жөндеу жүргізуге жіберілген адамдарының тізімі туралы мәліметтер нысаны – осы тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық жабдықтар мен қондырғыларды және радиоизотоптық тексеру жабдықтарын пайдалану бойынша жұмыстарға ғана қатысты.

Техникалық қызмет көрсетуге және жөндеу жүргізуге жіберілген адамдарының тізімі туралы мәліметтер нысаны

7-кесте

| Маманның Т.А.Ә. | Жұмыс орны, атқаратын қызметі | Дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орны, мамандығы және біліктілігінің атауы | Қабылдау туралы бұйрықтың/жеке еңбек шартының нөмірі және күні | Жұмысқа жіберу туралы бұйрықтың нөмірі және күні | Арнайы дайы біліктілігін арттыру тур қосымша мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

24. Радиоактивті заттарға, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларға санитариялық-эпидемиологиялық бақылау

бойынша құзыретті орган берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының көшірмесі – осы тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді.

25. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды тасымалдауға арналған көлік құралына санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі – осы тармақты мәлімделген қызмет түрінің ішінде радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды тасымалдау бойынша операциялардың болуы кезінде орындау талап етіледі.

26. 8-кестеге сәйкес көліктік бақылау жөніндегі уәкілетті орган берген қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсаттың бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны – осы тармақты мәлімделген қызмет түрінің ішінде радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды тасымалдау бойынша операциялардың болуы кезінде орындау талап етіледі.

Қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсаттың бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

8-кесте

| Рұқсаттың нөмірі және берілген күні | Рұқсат етілген жұмыстардың тізімі | Рұқсаттың қолданылу мерзімі | Рұқсат берген мемлекеттің орга атауы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

27. 9-кестеге сәйкес қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру, шартының бар-жоғы туралы мәліметтер.

Сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

9-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарттың нөмірі және жасалған күн | Шарттың қолданылу мерзімі | Сақтандыру компаниясының атауы | Шартқа сәйкес сақтандыр жағдайларына жатпайтын тармақт көрсету |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

28. 10-кестеге сәйкес объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтер – егер өтініш беруші радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптардың және қондырғылардың меншік иесі болмаса (меншік немесе жалға алу құқығында) және жұмыстарға тапсырыс берушінің аумағында жұмыстарды жүргізсе, осы тармақты орындау талап етіледі.

Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

10-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарттың нөмірі және жасалған күні | Шарттың қолданылу мерзімі | Сақтандыру компаниясының атауы | Шартқа сәйкес сақтандыр жағдайларына жатпайтын тармақт көрсету |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 162 қаулысымен бекітілген

## «Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелері

1. «Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Атом энергиясы комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беру:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

«электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған, сондай-ақ порталға өтініш берген сәттен бастап:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 30 (отыз) жұмыс күні;
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні;
лицензияның телнұсқаларын және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;
2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 15 минут;
3) рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 15 минут.
5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызмет түріне лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және қағаз түрінде.
Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.
Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға портал арқылы өтініш берілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жіберіледі.
7. Мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 471-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы орналасқан жері бойынша бюджетке лицензиялық алым төлейді:
1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде 5 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;
2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің

10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК аспайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшамен және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау портал арқылы берілген жағдайда төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүргізіледі;

2) порталдың – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) лицензияны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды және (немесе) жеке тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

2) лицензияға қосымшаны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды және (немесе) жеке тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

еркін нысандағы өтініш;

лицензияны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

4) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда лицензияның телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталда тиісті

ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтерді алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды ұсыну арқылы өтініш білдіреді:

еркін нысандағы өтініш;

лицензияның телнұсқасын беру үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Лицензия туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады;

порталға:

1) лицензияны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

2) лицензияға қосымшаны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының « жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

Лицензия туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті

тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы а л а д ы .

Көрсетілетін қызметті алушы барлық құжаттарды тапсырған кезде:

1) көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) – қағаз тасығыштағы өтінішті қабылдаудың растауы оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады;

2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша немесе Министрліктің басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2117 кабинет, телефон: 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48.

Шағым жазбаша түрде пошта арқылы немесе қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері б е р і л е д і .

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды

қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні, жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414 бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинеттен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылып тұратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaec.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық түрде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қолжетімділік режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 50 29 53, 50 30 77. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, оны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші

______________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

______________________________________________________________

______________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі(-лері) көрсетілсін)

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

_______________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ______________________________ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы ______________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы,

______________________________________________________________

үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта ______________________________________________

Телефондары ___________________________________________________

Факс ________________________________________________________

Банктік шоты __________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті жүзеге асыру мекенжайы (лары) ________________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы,үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
___ парақта қоса беріліп отыр

Осымен, көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Басшы _______ ____________________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Мөр орны Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» _____________

«Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, оны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

## Жеке тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші

_______________________________________________________________
(лицензиардың толық атауы)
_______________________________________________________________
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)
_______________________________________________________________
(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі(-лері) көрсетілсін)
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________
_______________________________________ жүзеге асыруға лицензия және

(немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ______________________
(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)
беруіңізді сұраймын
Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ___________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше
_________________________________________________________________
атауы, үй/ғимарат нөмірі)
Электрондық пошта ______________________________________________
Телефондары ____________________________________________________
Факс ___________________________________________________________
Банктік шоты ___________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті жүзеге асыру мекенжайы (лары) ____________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
_________ парақта қоса беріліп отыр
Осымен, көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;
қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.
Жеке тұлға ______ ______________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Мөр орны (болған жағдайда) Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» ________
«Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, оны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

**Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны және қажетті құжаттардың тізімі**

1. Үй-жайлардың жоспар-схемасының немесе техникалық паспорттарының көшірмесі – егер өтініш беруші иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың және қондырғылардың иесі болмаса (меншік немесе жалға алу құқығында) және жұмыстарды тапсырыс берушінің аумағында жүргізсе, онда осы тармақты орындау талап етілмейді.

2. 1 немесе 2-кестеге сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындау үшін қажетті ғимараттардың, үй-жайлардың және құрылыстардың бар болуы туралы мәліметтер – егер өтініш беруші иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың және қондырғылардың иесі болмаса (меншік немесе жалға алу құқығында) және жұмыстарды тапсырыс берушінің аумағында жүргізсе, онда осы тармақты орындау талап етілмейді.

Меншікті ғимараттар, үй-жайлар мен құрылыстар туралы мәліметтер нысаны

1-кесте


## Ядролық сынақтар жүргізу салдарынан ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқа да аумақтардағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес қажетті құжаттардың тізімі және мәліметтер нысаны

1. Мәлімделген қызметті жүргізу көзделген аумақтың радиологиялық сипаттамасына санитариялық-эпидемиологиялық бақылау бойынша құзырлы орган берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі.
2. Өтініш беруші бекіткен полигон аумағы бойынша қозғалыс бағытының көшірмесі.
3. Өтініш беруші бекіткен мәлімделген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтың көшірмесі.
4. Өтініш беруші бекіткен жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібін, жұмыстың шегі мен шарттарын айқындайтын мәлімделген жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің көшірмесі.
5. 1-кестеге сәйкес персоналға жеке дозиметрлік бақылау қызметін көрсету құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен жасалған шарт туралы мәліметтер.

Персоналды жеке дозиметрлік бақылау жөніндегі шарт туралы мәліметтер нысаны

1-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарт жасалған тұлғаның ЗТ/ЖК/ЖТ атауы | Шарттың нөмірі мен күні, шарттың қолданылу мерзімі | Атом энергиясын пайдалану саласында қызмет көрсету құқығына рұқсат беретін лицензияның нөмірі | Жеке дозиметрлік бақ шарты бойынша қамт қызметкерлердің саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

6. Радиациялық бақылау жөніндегі жауапты тұлға туралы бұйрықтың көшірмесі, жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығының көшірмесі, жауапты тұлғаны радиациялық қауіпсіздік бойынша оқыту туралы құжаттың көшірмесі, радиациялық бақылауды жүргізу кестесінің көшірмесі, радиациялық бақылау құралдарын тексеру жөніндегі сертификаттардың көшірмелері (радиациялық бақылаудың меншік жүйесі болған кезде) немесе 2-кестеге сәйкес жұмыс орындарына радиациялық бақылау жүргізуге лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен жасалған шарт туралы мәліметтер.

Қызметтер көрсетуге шарттың бар-жоғы туралы мәліметтер

2-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарт нөмірі, жасалған күні, қолданылу мерзімі | Шарт бойынша жұмыс жүргізу кезеңділігі | Шарт жасалған тұлғаның ЗТ/ЖК/ЖТ атауы | Атом энергиясын пайдал саласында қызметтер көр құқығына лицензияның нөмі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

7. 3-кестеге сәйкес қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру, шартының бар-жоғы туралы мәліметтер.

Сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

3-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарт нөмірі және жасалған күні | Шарттың қолданылу мерзімі | Сақтандыру компаниясының атауы | Шартқа сәйкес сақтанд жағдайларына жатпайт тармақтарды көрсету |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 162 қаулысымен бекітілген

**«Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта**

**ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелері

1. «Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Атом энергиясы комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтіністерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беру:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

«электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырылған, сондай-ақ порталға өтініш берген сәттен бастап:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 30 (отыз) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні;

лицензияның телнұсқаларын және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 15 минут;

3) рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызмет түріне лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу, лицензияның және (немесе)

лицензияға қосымшаның телнұсқасы, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және қағаз түрінде.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға портал арқылы өтініш берілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 471-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы орналасқан жері бойынша бюджетке лицензиялық алым төлейді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде 10 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК аспайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшамен және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау портал арқылы берілген жағдайда төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек

тәртібімен жүргізіледі;

2) порталдың – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) лицензияны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды және (немесе) жеке тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

2) лицензияға қосымшаны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды және (немесе) жеке тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

еркін нысандағы өтініш;

лицензияны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

4) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда лицензияның телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталда тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтерді алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды ұсыну арқылы өтініш білдіреді:

еркін нысандағы өтініш;

лицензияның телнұсқасын беру үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Лицензия туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады;

порталға:

1) лицензияны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық

құжат нысанындағы сұрау;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

2) лицензияға қосымшаны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының « жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

Лицензия туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық құжаттарды тапсырған кезде:

1) көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) – қағаз тасығыштағы өтінішті қабылдаудың растауы оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады;

2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің

жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;
3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;
4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;
5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша немесе Министрліктің басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2117 кабинет, телефон: 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48.

Шағым жазбаша түрде пошта арқылы немесе қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні, жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414 бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинеттен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылып тұратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы

белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaec.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық түрде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қолжетімділік режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 50 29 53, 50 30 77. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші

______________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

______________________________________________________________

______________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі(-лері) көрсетілсін)

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

____________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ________________________ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда X белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы ___________________________ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта ___________________________________

Телефондары ________________________________________

Факс ______________________________________________

Банктік шоты ________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары) ________________________ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы,үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

___ парақта қоса беріліп отыр

Осымен, көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Басшы _______ ___________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» ____________

«Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

**Жеке тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші**

___________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

___________________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі(-лері) көрсетілсін)

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ________________________ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)
беруіңізді сұраймын

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ______________________

___________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта ______________________________________________________

Телефондары ___________________________________________________________

Факс _________________________________________________________________

Банктік шоты __________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары) _______________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_________ парақта қоса беріліп отыр

Осымен, көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Жеке тұлға ______ ____________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда) Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» ________

«Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

## Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен қажетті құжаттардың тізімі

1. 1-кестеге сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер.

Техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы мәліметтер нысаны

1-кесте

| Маманның Т.А.Ә. | Жұмыс орны, атқаратын қызметі | Дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы, мамандығы және біліктілігі | Қабылдау туралы бұйрықтың/жеке еңбек шартының нөмірі және күні | Жұмысқа жіберу туралы бұйрықтың нөмірі және күні | Арнайы дайын біліктілігін арт туралы қосы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

2. Өтініш беруші бекіткен жұмыстың негізгі тәсілдері, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібі, жұмыстың шегі мен шарттары айқындалатын технологиялық регламенттің көшірмесі.

3. 2-кестеге сәйкес күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия туралы мәліметтер – осы тармақ ядролық материалдарды және

радиоактивті заттарды тасымалдау кезінде физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

Күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия туралы мәліметтер нысаны

2-кесте

| Лицензия нөмірі/рұқсат құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі | Лицензияның берілген күні | Қызмет түрі | Қызметтің кіші түрі | Лицензияны берге мемлекеттік органның а |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

4. Өтініш беруші бекіткен ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтың көшірмесі – осы тармақ ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды тасымалдау кезінде физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

5. Өтініш беруші бекіткен радиациялық авариялық жағдайлардағы персоналдың іс-қимылдары жөніндегі нұсқаулықтың көшірмесі – осы тармақ ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды тасымалдау кезінде физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

6. 3-кестеге сәйкес қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру, шартының бар-жоғы туралы мәліметтер.

Сақтандыру шартының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

3-кесте

| Шарттың тақырыбы | Шарттың нөмірі және жасалған күні | Шарттың қолданылу мерзімі | Сақтандыру компаниясының атауы | Шартқа сәйкес сақтанд жағдайларына жатпайты тармақтарды көрсету |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 162 қаулысымен бекітілген

## «Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, оны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелері

1. «Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, оны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Атом энергиясы комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беру:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

«электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған, сондай-ақ порталға өтініш берген сәттен бастап:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 30 (отыз) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні;

лицензияның телнұсқаларын және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 15 минут;

3) рұқсат етілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызмет түріне лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және

қағаз түрінде.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға портал арқылы өтініш берілген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 471-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы орналасқан жері бойынша бюджетке лицензиялық алым төлейді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде 5 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК аспайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшамен және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау портал арқылы берілген жағдайда төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүргізіледі;

2) порталдың – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті

көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушіге:
1) лицензияны алу үшін:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды және (немесе) жеке тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;
жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
2) лицензияға қосымшаны алу үшін:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды және (немесе) жеке тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;
3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:
еркін нысандағы өтініш;
лицензияны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.
4) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда лицензияның телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталда тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтерді алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды ұсыну арқылы өтініш білдіреді:
еркін нысандағы өтініш;
лицензияның телнұсқасын беру үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.
Лицензия туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады;
порталға:
1) лицензияны алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

2) лицензияға қосымшаны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны мен құжаттар;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының « жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

Лицензия туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық құжаттарды тапсырған кезде:

1) көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) – қағаз тасығыштағы өтінішті қабылдаудың растауы оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау уақыты мен күнін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады;

2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша немесе Министрліктің басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, № 2117 кабинет, телефон: 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48.

Шағым жазбаша түрде пошта арқылы немесе қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні, жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шараларды қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414 бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинеттен» көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылып тұратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaec.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық түрде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қолжетімділік режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 50 29 53, 50 30 77. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші

______________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі(-лері) көрсетілсін)
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ________________________________
(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)
беруіңізді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы ________________________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта ____________________________________________________
Телефондары ___________________________________________________________
Факс ________________________________________________________________
Банктік шоты __________________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары) ________________________________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

___ парақта қоса беріліп отыр

Осымен, көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Басшы _______ ____________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» _____________

«Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға

лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

## Жеке тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші

______________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

______________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі(-лері) көрсетілсін)

______________________________________________________________

______________________________________________________________

____________________________________ жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта ______________________ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ___________________

______________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта ____________________________________________

Телефондары _________________________________________________

Факс _______________________________________________________

Банктік шоты _________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы (лары) __________________________ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) _________ парақта қоса беріліп отыр

Осымен, көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген

ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;
қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.
Жеке тұлға ______ ______________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Мөр орны (болған жағдайда) Толтыру мерзімі: 20__ жылғы «___» ________
«Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

## Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер нысаны және қажетті құжаттардың тізімі

1. Үй-жайлардың жоспар-схемасының немесе техникалық паспорттарының көшірмесі.
2. 1 немесе 2-кестеге сәйкес оқыту өткізуге арналған өндірістік-техникалық базаның (теориялық және практикалық сабақтар өткізуге арналған оқыту үй-жайлары) бар болуы туралы мәліметтер
Меншікті ғимараттар, үй-жайлар мен құрылыстар туралы мәліметтер нысаны
1-кесте

| Кадастрлық нөмірі | Құжаттың атауы және нөмірі | Берілген күні | Құжатты берген органның атауы | Жылжымайтын мүлі объектісінің орналасқан же |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Жалға алынған ғимараттар, үй-жайлар мен құрылыстар туралы мәліметтер нысаны
2-кесте

| | Объектіні жалға алу шартының нөмірі және | | | |
|---|---|---|---|---|

| Кадастрлық нөмірі | жасалған күні және қолданылу мерзімі | Жалға алу шарты жасалған тұлға (БСН/ЖСН көрсету қажет) | Жалға алынған объектінің атауы және қысқаша сипаттамасы | Жылжымайтын му объектісінің орналасқа |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

3. 3-кестеге сәйкес теориялық және практикалық сабақтар өткізу үшін қажетті оқыту жабдықтары, техникалық құралдар, радиациялық бақылаудың оқыту аспаптары туралы мәліметтер.

Оқыту жабдықтары, техникалық құралдар, радиациялық бақылаудың оқыту аспаптары туралы мәліметтер нысаны

3-кесте

| Атауы және қысқаша сипаттамасы ( оқыту жабдықтарының, техникалық құралдардың, немесе радиациялық бақылау аспабының) | Мақсаты | Түгендеу нөмірі және түгендеу күні | Саны | Техникалық паспорт нөмірі (радиациялық ба аспаптары үшін) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

4. 4-кестеге сәйкес оқытушылардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер.

Техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер нысаны

4-кесте

| Маманның Т.А.Ә. | Жұмыс орны, атқаратын қызметі | Дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орны, мамандығы және біліктілігінің атауы | Қабылдау туралы бұйрықтың/жеке еңбек шартының нөмірі және күні | Жұмысқа жіберу туралы бұйрықтың нөмірі және күні | Арнайы дайы біліктілігін ар туралы қосы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

5. Өтініш беруші бекіткен сағаттарға бөлінген, теориялық және практикалық дайындығы бөліп көрсетілген, нақты сабақтарды өткізетін оқытушының тегі көрсетілген оқыту бағдарламаларының көшірмелері.

6. Тыңдаушылардың білімін тексеруге арналған билеттердің (тесттердің) көшірмелері.

7. Өтініш беруші бекіткен оқытушыларды іріктеу рәсімі мен тәртібі, жұмысқа шығу, біліктіліктерін қолдау және жоғарылату бекітілген нұсқаулықтардың көшірмесі.

8. Мәлімделген қызметтің сапасын қамтамасыз ету, персоналды жинақтау мен даярлау саласындағы өтініш берушінің саясатын сипаттай отырып, мәлімделген жұмыстарды жүзеге асыру кезінде сапаны қамтамасыз ету бағдарламасы, өтініш беруші мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын нормативтік құжаттар тізбесі, құжаттаманы басқару жүйесі, оқитындардың білімін бақылау рәсімі, мәлімделген қызметте пайдаланатын сапаны қамтамасыз ету әдістемесінің көшірмелері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК